

АЛМА ОРАЗБАЕВА: КҮРЕСКЕР ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ

Аргинбаева Аида Максұтовна

arginbayevaaida@gmail.com

«Тарих пәні мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті

Құсаин Данил Русланұлы

kusaindani@gmail.com

«Тарих пәні мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының сеньор- лекторы, магистр Шугаева Г. Ш.

Аннотация: Бұл зерттеу жұмысында ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлттық санасы, ағартушылық қозғалыстардың және зиялы қауымның қалыптасу үдерісі. Алма Дінмұхамбетқызы Оразбаева тұлғалық өмірі мен қызметі арқылы сол кезді зерделеу. Мақсаты- сол дәуірдің ағартушылық қозғалыстың мәнін ашу және қазақ әйелдерінің қоғамдағы орнын бағалау. Бұл жұмыс кеңестік кезеңдегі тарихи процесстерге жаңаша көзқарас қалыптастыруға және ұмыт қалған тұлғаларды назар аудартуға бағытталған.

Кілт сөздер: Алма Оразбаева, қазақ зиялылары, ұлт-азаттық қозғалыс, ұлттық сана, ағартушылық, әйелдің қоғамдық рөлі, ХХ ғасырдың басы.

Кіріспе Қазақ жерінің тарихында ХХ ғасырдың алғашқы бас кезеңде- ұлттық сана мен руханижанғыруға бейім, ой-санада түбейгелі ұстанымдар өзгерді айрықша кезеңдердің біріболды. Бұл кезде Ресейдің отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстардың кеңейетүсті. Сол уақыт аралығында Еуропа елдерінде болып жатқан жаңа трансформацияларқазақ даласына да жеткен. Сондай-ақ қазақ қоғамында пайда болған зияткерлер қауымыбілім, ғылым, әлеуметтік және т.б салаларда жаңа серпін беруімен негіз болды. Бұлуақытта білімге, ғылымға бет бұрған, көзі ашық жастар халық қамы үшін күресті. Ел-жұрт үшін тудырып отқан ауқымды мәселелерді шешуіне сондай-ақ ұлт дамуынаайтарлықтай үлес қосты.ХХ ғасырдың алғашқы уақыттарында қазақ ұлтының дамуына бағытталған білім менағартушылық іс-шаралары елеулі үлес қосты. Ұлт қайраткерлері білім беру ісін дамытумақсатында халықты оқытуға ерекше мән беріп, мектептер ашып, ана тілінде оқулықтаржазу арқылы ағарту саласының қалыптасуына зор үлес қосты. Халықтың білім, ғылым, мәдениетін және т.б салаларды дамыта отырып қоғамдық сананы арттыруға, әділетсіздіккеқарсы пікір қалыптастыруға және ұлттық бірегейлікті сақтауға тырысты. Сол сәттердеқазақ ұлттық интеллигенциясының толыққанды институционалдық кезеңі деп айтсаққателескен емеспіз. Алайда, кеңестік және бұрынғы патшалық билік қазақтың ұлттыққозғаластарының өрбуі мен зиялы буындардың қабілеттілігінің қатал бақылауға алды.Білімге, ғылымға құштар, көзі ашық жастардың көпшілігі саяси қысым көрді. Сол кездегіқатаң цензура, саяси репрессия, жаппай құғын-сүргін, идеологиялық қысым және т.б жастардың белсенділігін тежеді.Осылайша, сол дәуірдің қысымға қарамастан ұлттық сананың өсуі, кеңестік идеологияғақарсы күрестің негізгі негізіне айналды. Дәл осы сәтте қазақ әйелдері зиялы қауымқұрамына еніп, қоғамдық-саяси көзқарастарды қалыптастырып белсене араласабастады. Олар қоғамға прогрессивті идеялардың кең таралуына серпін берді. Осы тарихи кезеңдегі жеке тұлғалардың тағдыры, қызметі, өмірбаяны- ұлттың тарихыныңкөрінісі. Солардың бірі Алма Дінмұхамбетқызы Оразбаева. Оның еңбектері, білім беруде, ағартушылық салаларындағы

жаңа көрініс, мүмкіндіктердің таралуына қазақ әйелдердің қоғамдық қызметіне қатысуға жол ашты. Батыл қадамдарымен әйелдердің құқықтарын насихаттауға күш салды. Қоса айтқанда, сол мезетте қазақ әйелдерінің қоғамдық-саяси өмірдегі орнын көреміз. Бұл зерттеудің басты мақсаты- Алма Дінмұхамбетқызы Оразбаева арқылы сол кездегі- ұлттық сананың қалыптасуы, ағартушылық қозғалыстың дамуы, сол дәуірдегі зиялы қауым рөлін көрсетіп отырып, жаңаша көзқарасынан баға беру

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің дереккөздік негізін Сатыбалды Даумов. Тауықыметті тағдыр (Алма Оразбаева туралы деректі-эссе), М. Филипповтың И. Я. Яковлевке жазған хаты, М. Юхма Қандас халық (эссе), Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. «Дело персонального пенсионера Уразбаевой Алмы» (қор 90, тізім 5, іс 1134), қазақ әдебиеті газеті материалдары: «АЛАШТЫҢ АРДАҚТАҒАН АЛМАСЫ», «АЛАШТЫҢ ҚАЙРАТКЕР ҚЫЗЫ» және С. Даумов зерттеулеріне негізделген мақалалар.

Деректі-эссе, замандастардың естеліктері және архивтік деректер қолданылып тұлғалық тағдырды ашуға негізгі құрал болды.

Зерттеу барасында тарихи-салыстырмалы, жүйелеу және талдау әдістері пайдалана отырып тұлғаның қоғамдағы рөлі ғылыми тұрғыдан бағаланды.

Нәтижелер Және Талқылау

Алма Дінмұхамбетқызы Оразбаева 1898 жылы 28 желтоқсанда Ішкі Ордада (қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Орда қаласы) дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі — Алмабет. [1, 6 б.]

Ол туралы ақпаратты Алманың чуваш мектебіне баруына жол ашқан құжатынан, Ішкі Ордадағы халық училищесінің инспекторы М. Филиппов чуваш ұстазы Иван Яковлевке жазған хатынан көре аламыз: «Сізге сеніп тапсырылған мұғалімдер мектебіне білімін жалғастыру үшін Симбирскіге баруға Алмабет Оразбаева ықылас танытып отыр». [2]

Алма кедей жұмысшы отбасында дүниеге келген. Әкесі Дінмұхамед — төлеңгіт руынан, қолөнерші-шаруа, оқымаған, момын адам және анасы Сәнзира (кей деректе Балдок немесе Банток деп аталады), бай-манаптардың үйінде отын жағып, кір жуып жұмыс істеген, бірақ балаларының оқуына өте құлшыныс танытқан. Отбасында бес бала өскен: Ғатауолла (ұлы), Ханифа, Алма, Мәдина (сіңлісі) және Ғарифолла. Алманың балалық шағы ауыр өтті: ауқаттылардың баласын бағып, тиын-тебен табуға мәжбүр болды. [1, 3]

Әкесі Дінмұхамбет қарапайым, алайда еңбекқор ұста болса керек, «үлкен отбасын өзінің табандылығы арқасында асырап отыр» деп баға берілген. Дінмұхамбет қызының білім алуға деген құштарлығына еш қарсы болмады. [1]

Алма алдымен Ордадағы бір кластық орыс-қырғыз мектеп-интернатында 1905–1909 жылдары оқыды. Мектепке бара салысымен мұғалімдері Алманың білім мен ғылымға деген талпынысын бірден байқайды. Мектепті үздік аяқтаған Алманы дәл сол мұғалімдері кейін 1909 жылы Симбирскідегі екі сыныптық бұратана (инородческая) чуваш мектебіне білім алуға жіберді. [1, 4]

Алманың алғашқы ұстаздарының бірі Разия Дүйсенғалиқызы Меңдешева: «Алма өзінің оқып білім алуына алдымен алғашқы ұстазы, орыс-қазақ қыздары мектебінің сол кездегі меңгерушісі Г. А. Воскресенскаяға борышты еді. Шәкіртінің қабілеттілігін, оқуға деген құштарлығы мен зор талабын бірден аңғарған ол Алмаға жанын салып көмектесті. Мен сол жылдары осы кісінің көмекшісі болып істедім. Глафира Андреевна Алманы маған да тапсырып қойды. Алма әсіресе, көркем әдебиетті сүйіп оқыды. Оны кітаппен достасуға үйреткен де осы кісі еді», деген болатын. [1; 7]

Білімді аңсаған Алманы Симбирскіге жіберу Бөкей ағартушыларына оңай түспейді. 1909 жылдың 6 наурызында Ішкі Қырғыз (Қазақ) ордасындағы халық училищелерінің инспекторы М. Филиппов чуваштың белгілі ағартушысы И. Я. Яковлевке мынандай хат жолдайды: «Биыл Ордадағы орыс-қырғыз училищесінің әйелдер курсына 13 жасар қазақ қызы (хатта қате кеткен, Алма ол жылы 11 жаста) Алмабет Оразбаева бітіреді, — деп

басталады бұл хат... Ауылдағы әйелдер мектептеріне сабақ беретін мұғалімдердің орнын басатындай азды-көпті білімі бар қазақ қыздарына зәру бола отырып, мен оның білімін жалғастыру үшін Сізге сеніп тапсырылған Симбирск мұғалімдер мектебіне жібергім келер еді. Алмабет Оразбаеваның өзі де Симбирскіге баруға тілек білдіріп отыр. Бас иіп өтінемін... маған бір хабарын берсеңіз екен, аталған Оразбаеваның қабылдануынан сірә де үміт етуге бола ма?» Болашағынан зор үміті бар оқушының Симбирск мектебіне түскеніне әсіресе, өзіне дәріс берген ұстаздары мықтап қуанады. [2, 18]

Әкесі Дінмұхамед жоқшылық зардабын қатты тартып отырған күннің өзінде қызы Алманы оқытуға бар мүмкіндігін жасаған еді. Себебі, оқудан бөлек Симбирскіге барар жолдың өзі ауыр болатын. Ордадан шығып, көлікпен Сайқын станциясына жетіп, ол жерден пойызға отырып Астрахан асатын, Астраханнан кемеге отырып, Симбирскіге баратын. Жолда әкесі мен қызының ақшалары бітіп, эзер Симбирскіге жететін. Тіпті қызын орналастырған соң Дінмұханбеттің қайтарға ақшасы таусылатын. Осы кезде Алманың ұстазы Яковлев көмектесіп, Дінмұханбетке ауылына қайтуға қарызға 7 сом ақша береді. Бұл туралы Мишши Юхма «Қандас халық» эссесінде жазған: «Дінмұханбет өзі оқымаған кедей, бірақ жаны жайсаң, көңілі ашық адам. Қызының оқып, білім алуы үшін көз көріп, құлақ естімеген қиырға сапар шегеді». [1]

Алма жолдың ұзақтығынан оқуына кешігіп келеді, алайда табандылығының арқасында тез арада білім-ғылымды меңгеріп кетеді. Алманың Ордадағы ұстазы Яковлевке жазған хат жазады: «Мен Оразбаеваның әкесіне көмекке жиналған 21 сом 20 тиынды табыс еттім. Одан басқа, менің айтуым бойынша, Оразбаеваға мыналар берілді: бір орамал, бір көйлек, бір фартук, үш жейде, екі панталон, бір шұлық. Бұл заттардың бәрі орысша-қазақша әйелдер училищесінің есебімен шығарылған Оразбаеваның өз меншігі. Оразбаеваның тағдырына араласуды сізден қатты өтініп сұраймын». Тек И. Я. Яковлевтің бүкіл жауапкершілікті өзіне алып, әкелік қамқор жасағанының арқасында ғана Алма оқуын аяқтап шығады. Яковлев кедей оқушыларға (әсіресе чуваш балаларына) қолдау көрсететін. Кейбір оқушыларды мемлекеттік қаржыландырумен (казенный кошт) қабылдады. Сондай оқушыларының бірі осы Алма болған. [1]

Сырттан келіп оқитындар үшін оқу ақысы 60 сом төленуі тиіс еді. Алманың отбасы үшін бұл өте үлкен ақша еді, сондықтан әкесі Яковлевтен қарызға ақша алды. [1]

Алманың замандасы, құрбысы, бірге тәрбиеленген чуваш қызы, кейін әншілігімен әйгілі болған белгілі өнер жұлдызы Анна Токсина өз естелігінде былайша сыр шертеді: «Оқудың үшінші жылында біздің класқа бір қызды алып келді. Біз таң қалдық, өйткені бұл қыз бізге ұқсамайтын: қоңырқай жүзді, үлкен қара көзді, ұзын етек көйлек киген. Біз оны өте қызық көрдік. Бізге оның қазақ елінен екенін, енді бізді қуып жетуі керектігін айтты. Біз оны жатырқамай, қатты қуандық. Біздің жаңадан келген жас құрбымыз Алма Оразбаева орысша жақсы сөйлесе алады екен... Алма өте ұқыпты, әрі ыждағатты еді, бізден қалыспай оқып кетті. Ол біздерге де қатты назар аударып, бізбен жақсы қарым-қатынаста болды. Біз оны жақсы көріп кеттік.» [1]

Осылайша алғашқы оқу жылын үздік аяқтап, 4 тілді меңгереді: қазақ, орыс, татар, чуваш тілдерін. Алма мамыр айында жазғы демалысқа ауылына қайтады. Оқуына ақша жетпей келесі оқу жылына Симбирскіге барып-бармауы белгісіз еді. Қызығы, Ордадағы ұстаздары Алманың ауылына оралуына арнап кеш ұйымдастырады. Осы кештен 40 сом ақша түсіп, Алманың тағы бір оқу жылына баруға мүмкіндігі туады. Бірақ жарты жылдың ақшасын таба алмай, сол жылы оқуын аяқтап, еліне қайта оралады. Елге оралған соң оқуға қайтуға барынша тырысады. Алайда сол жылы әкесі Дінмұханбет қайтыс болып, тұрмыс қыспағы бастарына бейнет болып түседі. Алма мойымай, оқысам деген арманымен Ордадағы жаңадан ашылған 2-класстық қыздар мектебінде аяқтайды. Жоғары бастауыш ерлер мектебі жанындағы 3 жылдық мұғалімдер курсы «мұғалім» мамандығы бойынша аяқтады. 1914–1916 жылдары Ордадағы жоғарғы бастауыш ерлер мектебі жанындағы 3 жылдық педагогикалық курсты бітіріп, бастауыш сынып мұғалімі мамандығын алған. [1, 4]

Алма Оразбаева ұстаздық жолын Новая Казанка ауылында бастайды. Оның ел ісіне араласып, саяси өмірге келуі де осы тұста. 1917 жылы мамыр айында С. Мендешевтің бастауымен Ордада өткен, бүкіл оқу жүйесін өзгертуді талап еткен мұғалімдер съезінің жұмысына белсене қатысады. Ордада Кеңес үкіметі орнаған күннен бастап әйел теңдігі, жесір дауы, қалыңмал, әмеңгерлік, көп әйел алушылық мәселелеріне тікелей араласып, өзінің жалынды сөздерімен, мерзімді баспасөз беттерінде жариялаған уытты мақалаларымен қазақ әйелдерінің көзін ашуға тырысады. Орынборда шыққан алғашқы қазақ комсомол газеті «Өркеннің», «Әйелдер теңдігі», «Жас қазақ», «Жас большевик», «Жас қайрат» журналдарының редакция мүшесі болып, осы басылымдарда жас жеткіншектерді оқыту, тәрбиелеу, әйелдер мәселесі туралы «Қазақ әйелдері даңғыл жол үстінде», «Қазақ әйелдерінің қалыңмалдан құтылған күні», «Әйелдер бостандығы», т. б. мақалалар жазды. Осыдан соң-ақ А. Оразбаеваның даңқы Қазақстаннан тыс жерлерге тарап, бүкіл Алтай, Орта Азия, Башқұртстан, Татарстан елдеріне жетті. [1; 7]

Оразбаеваның бастамасымен сауатсыздықты жою және ағартушылық мақсатында «Қызыл отаулар» құрылды. Алма Оразбаева комсомол құрбылары Нағима Арықова, Мәдина Бегалиева, Сара Есовалармен бірге ауыл-ауылдарда «Қызыл отаулар» құрып, халықты сауат ашуға тартып, жергілікті жерде сабақ өткізіп, жиналыстар жүргізіп, әйелдерге өз құқықтарын түсіндіріп, жас қыздарды қалың малға сатылып кетуін болдырмау мақсатында күрес жүргізді. [1; 7]

Сонымен бірге «Қызыл отауға» әйелдер өз еріктерімен келмеген соң, оларды қызықтыру үшін іс тігетін мәшинелер қойғызып, кейін әйелдер отауларға киім-кешектерін тіккізіп немесе жөндетіп алу үшін келетін жағдай жасады. [1]

«Қызыл отау» штабында үш адам жұмыс істеді. Біреуі сауат ашу мәселесімен айналысты, екіншісі медицина қызметкері, үшінші адам — құқық саласын жақсы білетін адам болды. [1]

Алма Оразбаеваның басшылығымен 1920 жылы 25 желтоқсанда республикада қалың малды жою туралы Декрет қабылданып, 4 қаңтар күнін қазақ әйелдерінің тәуелсіздік күні деп жариялау туралы шешім қабылданған. Көптеген қазақ әйелдері Алма Оразбаеваның қолдауымен білім алып, елге еңбек еткені де тарихтан мәлім. [1]

Қалыңмал демекші, осы тұста әлеуметтік қамсыздандыру министрінің орынбасары болып істеген Саналиева Нұржамал апайымыздың естелігі бар:

— Мені адам еткен, қатарға қосқан Алма ғой. Әкем Сейсенғали сіңірі шыққан кедей екен. Тұрмыс тауқыметі қажытқан байғұс әке азын-аулақ қалыңмалға қызығып, бес жасар кезімде мені Сарыбай деген байдың есалаңдау баласына атастырып қойса керек. Сол Сарыбай күш көрсетіп тартып әкетпек болғанда, Алма араша түсіп алып қалды. Ол менің он төрт жасқа жаңа ғана аяқ басқан кезім болатын. Сауат ашу мектебіне де қолымнан жетектеп апарып өзі орналастырды... [1; 3]

Оразбаеваның ұйымдастырушылық қабілеті қазақтың 1-үлгілі атты әскер полкін құру кезінде ерекше байқалды. Осылай Алма «эскадроншы», «саяси жетекші», «қызыл үгітші» деген атақ алды. Осы тұңғыш қазақтың әскери полкынан тұңғыш қазақ генералдары Шәкір Жексенбаев пен Рамазан Құрманғалиев шыққан. А. Оразбаева Чапаев дивизиясына жәрдем беру мақсатында Жайықтың жағалауындағы Ойық, Қаратөбе Қарабай уездеріне жорыққа барып, кеңес үкіметін қайта қалпына келтіру үшін еңбек сіңірді. [1]

1919 жылы 17 маусымда Қазақ әскери істер жөніндегі комиссариатының бұйрығымен комиссариаттың саяси-ағарту бөлімінің үгітшісі болып тағайындалып, көп ұзамай Мәскеудегі Я.М.Свердлов атындағы Коммунистік университеті жанындағы үгітшілер мен насихатшылар курсына оқуға жіберіледі. [1; 7]

Алма тек білімді ғана емес, нағыз өнер иесі де болған. Оның дауысына тәнті болған Затаевич былай деп баға берген: «Алма Оразбаева — жас халық мұғалімі, қазақ әйелін күндіктен азат ету жолында күресуші құрметті қайраткер. Тамылжыған нәзік дауысы бар және әнді нақышына келтіріп мейілінше әсем айтатын музыкаға аса қабілетті жан». А. В. Затаевич одан халқымыздың 10 әнін («Жайық», «Қосай», «Танысу жыры», «Төрт пішен»,

«Зейнешім», «Саржан», «Ғиндаш», «Айнамкөз», «Япырай» және «Қоштасу», әнінің екі түрлі нұсқасы) жазып алып, «Қазақ халқының 1000 әні» жинағына кіргізген. [1; 7]

Алма Оразбаева ел саясатына бар жоғы 10 жыл қатысқан, осы қысқа уақытта мансаптық баспалдақпен көтеріле алды. Ол 1919 жылы қазанда РК(б)П қатарына қабылданады. 1924 жылы Берлинде өткен III халықаралық коммунист-әйелдер конференциясына делегат болып қатысып, Германия коммунистік партиясының негізін салушы Клара Цеткинмен танысады. Мәскеуде саяси білімін көтеріп қайтқан Алма Қазақстан өлкелік Оқу комиссариатының саяси-ағарту басқармасына жетекшілік етті. [1]

1924 жылы Надежда Крупскаяның ұсынысымен кеңес әйелдерінің алғашқы журналының (қазіргі «Қазақстан әйелдері») негізін жасады. Бұл журнал 1925 жылы «Тендік», 1926 жылы «Әйел теңдігі» деген атпен шықты, алғашқы редакторы Сара Есова болған. Алма Оразбаева осы журналдың тұрақты авторы болды. [1; 7]

1919-28 жылдары РК(б)П Орынбор губкомы қазақ секциясының жауапты хатшысы атанды. Кейінірек Бөкей губерниялық партия комитетінде әйелдер бөлімінің меңгерушісі лауазымын алды. Одан соң Қазақстан өлкелік саяси-ағарту басқармасының бөлім меңгерушісі болып істеді. 1925 жылы Алма Оразбаева Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті Президиум төрағасы қызметін атқарған. 1926 жылы Қызылордада қазақ әйелдерінің алғашқы кілем тоқу артелін ашады. [1; 7]

1928 жылы БК(б)П ОК Оразбаеваны Қазақстаннан шақырып алып, Саратовқа жұмысқа жібереді. Ол мұнда Нижне-Волжск өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі және әйелдер бөлімінің меңгерушісі, өлкелік колхоз одағы төрағасының орынбасары міндетін қоса атқарды. [1; 7]

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сақталған «Дело персонального пенсионера Уразбаевой Алмы» атты құжаттарда (қор 90, тізім 5, іс 1134) Алманың кейінгі өмірі туралы суреттеледі. Саратовқа қызметке ауысқаннан кейін бір жылдан соң Коминтерннің тапсырмасымен Алма Оразбаеваның Моңғол Халық Республикасына баруына тура келеді. Бұл кезде оның жұбайы Иван Дмитриевич Каширин де осындағы өлкелік ОГПУ-дің бастығы болатын (бұл адам оған дейін Қазақ АССР Ішкі істер халық комиссары болып істеген). Жол жүрерде Алма екі жасар Алмарев атты («Алмарев-революционеркадан» қысқартылып алынған) ұлына бас-көз болсын деп, өзінің Сақыпжамал деген Қанипа апасының қызын, туысқан сіңлісін үйіне кіргізіп кетеді. [4]

Бұл кезең оның беделі мен мансабының өсуімен ерекшеленді. Оның отбасы, баласы болды және болашағынан үміт күтті. Алайда тағдыр басқаша шешті. Ол оралған кезде күйеуі Кашириннің Сақыпжамалды алдап, одан бала күтіп жүргенін біледі. Бұл жағдай Алмаға ауыр соққы болып тиіп, жүйкесі сыр беріп, психикалық ауруға шалдығады. 1931 жылы зейнетке шығады. Ол Томск қаласындағы психиатриялық ауруханада бес жыл емделеді. Дербес зейнетақы тағайындалып, бір рет берілетін 300 сом алуы тиіс болған. Бауыры Мәдина Томск психиатриялық ауруханасы дәрігерлерінің талап етуімен 1935 жылдың маусымында Алманы Алматыға алып келген. Ол хатында үйде таныстарымен бірге тұрып жатқанын, бірақ соңғы үш жылда оған не зейнетақы, не жәрдемақы төленбегенін айта келіп, өткен жылдардың зейнетақысы мен жәрдемақысын және Томскіге барып-қайтуға кеткен жол шығынын қоса есептегенде барлығы 6550 сом төлеуді талап етеді. Сонымен бірге ол өзінің арызына қосып Алманың №33/49 зейнеткерлік кітапшасын жіберіп отырғанын да ескертеді. Зейнетақы төленбеуі себебін кейінірек белгілі болды: тірі Алманы өлді деп хабарлап, оның зейнетақысын баласының атына аударуға әрекет жасаған И.Д.Кашириннің хаты себеп болған екен. Алманың зейнетақысы мен жәрдемақысына жанталаса іздеу салған ет жақын туыстары оның жеке басының тағдырына онша бас қоймағандықтары байқалады... [4; 1]

Дәрігерлердің айтуынша, Алма тиісті күтім болған жағдайда жазылып кетуі мүмкін еді. Бірақ туыстары оған дұрыс қамқорлық көрсетпей, түрлі емдеу орындарына орналастырып отырған. Ол Алматыда, Түрген ауылында, Батыс Қазақстан облысының бірнеше елді мекенінде және Жамбыл облысындағы Луговая станциясында тұрған. Алма

Оразбаеваның қайтыс болғаны туралы ресми құжат 1948 жылдың 1 сәуірімен белгіленген. Ол шамамен 50 жасында қайтыс болған. Луговая станциясында адасып, қолайсыз ауа райында көз жұмған. Оның қабірі әлі күнге дейін белгісіз. [1; 4]

Енді Алманың отбасына келсек, әкесінен өлі, екі бірдей шешесінен тірі айрылған Алмарев балалар үйінде тәрбиеленсе керек. Алма Оразбаеваның туған жеріндегі Орда тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Амантай Хамзин Сақыпжамалдың да, Алмарев Кашириннің де Мәскеуде тұрғанын, екеуін де іздеп тауып, екеуімен де тілдесіп қайтқанын айтып еді. Алмарев туған шешесін білмейтіндігін сылтауратып, әңгімелесуге онша ықылас таныта қоймапты. Ал сіңлісі Сақыпжамал болса: «Оң-солын танып үлгермеген жас қызды, қойды қасқырға баққызғандай, оңаша үйге ер адаммен бірге қамап кетіп, мені де арандатты, өзі де айықпас дертке шалдықты», деп Алманы кінәлаған көрінеді. [1]

Алмарев қазір, бәлкім, тірі болса 99 жаста болар ма еді... 1927 жылдың жазында Қызылорда қаласында Әліби Тоғжанұлы Жангелдин, Алма Дінмұхамбетқызы Оразбаева, Иван Дмитриевич Каширин үшеуінің мектеп оқушыларымен бірге түскен суреті бар. Бұл суретте Әліби Жангелдин ортада отыр да, Алма мен Каширин түрегеліп тұр. Ал Алмаревтің ол әлі емшектен де шықпаған кезі екен. Оны құндақтаулы күйінде ең шеттегі ересек шәкірт көтеріп тұр. Осы суретке қарап, Алмаревтің сол 1927 жылы дүниеге келгеніне көз жеткізу қиын емес... [1]

Шығыс әйелдерінің көшбасшысы саналған Алма Оразбаеваның тағдыры қай жағынан болсын оңайға түспеді. Әйелдің тең құқығы, бостандықты аңсаған ол өмірінің соңында осындай зардап шегуі бұл ешкімнің басына кіріп те шықпаған шығар. Алайда өз заманының алдыңғы қатарлы адамдарының бірі болып, қазақ әйелдеріне бостандық пен теңдікті алып беруші алғашқы әйел ретінде тарих сахнасында мәңгіге қалары сөзсіз. [1; 7]

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тарихында XX ғасырдың бас кезеңі қарқынды отарлық саясатқа қарсы күрескүшейген. Егер XIX ғасырда қазақ халқы қарулы көтерілістер арқылы, яғни күшпен отарлық билікке қарсы тұрса, XX ғасырда зиялы қауым жаңа әдіс-тәсілмен қолдануы: білім, ағартушылық, мәдени және қоғамдық іс-әрекеттер арқылы жүйеге қарсылық танытты. Олар физикалық қарсылықтың орнына интеллектуалды, мәдени және моральдік күреске сүйенді. Дәл осы аталған уақытта қазақ интеллектуалды элитасының қалыптасуы үлкен жол ашты. Осы зиялы қауымының бірі әрі көрнекті өкілі - Алма Оразбаева.

Алма Дінмұхамбетқызы Оразбаеваның өмір жолы қарастырғанда, біз XX ғасырдың кеңестік идеологиясының қаншалықты ықпалды болғанын, сондай-ақ қазақ зиялалары мен әйелдердің қоғамдағы орнын жақсырақ түсіне аламыз. Алма Дінмұхамбетқызы - қазақ әйелдер қозғалысының негізгі қалаушылардың бірі, қоғамдық өмірде маңызды рөл атқарған тұлғалардың бірі. Өмір сүрген жылдары сол уақытта келеңсіз жағдайларға қарсы шығып халықты қорғау жолында белсенді әрекет жасады. Алма ауыл-аймақтарды аралап, халыққа білім беру олардың сауаттылығын қалыптастыру, жастарды тәрбиелеу саласына үлкен үлес қосты. Саяси қызметте де, Алма Оразбаева партиялық құрылымдар, тіпті Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті Президиумының төрайымы, өлкелік саяси-ағарту басқармасының басшысы ретінде осындай жауапты лауазымдарды атқарды. Ол кеңестік идеологияны белгілі бір деңгейде қолдағанымен, өз халқының мүддесін қорғауды ұмытпады. Алма Дінмұхамбетқызы мәдениет және өнер саласындағы қызметін айтарлық: ол әншілік қабілетімен танылып, халық әндерін жинақтап, оларды ғылыми құжаттап, музыкалық мұраның сақталуына үлесін қосты. 1924 жылы Берлинде өткен III халықаралық коммунист-әйелдер конференциясында делегат ретінде қатысуы. Оны мер бірге, Клара Цеткинмен танысуы - оның халықаралық деңгейде танылып, халықаралық деңгейде байланыстар орната білетінің көрсетеді. Сондай-ақ Надежда Крупскаяның ұсынысымен кеңестік әйелдердің журналының құрылуына мұрындық болды. Алма Оразбаеваның өмірі мен қызметі XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамымен, тұрмысымен тікелей байланысты болды, ол қоғамдық қайшылықтарын, жаңашылдықтарын мен қасіретін

толықтай сіңірген тұлға еді. Дегенмен, Алма Дінмұхамбетқызының өмірі жетістік, жеңіс пен қуаныштан тұрмайтын, сонымен қатар терең трагедияға толы жеке басының қасіреті, денсаулығының нашарлауы, психикалық ауруға шалдыққаны. Бір кезде беделді қайраткер бей-күйім күінде қалды. Зерттеу жұмысы барысында мұрағат құжаттары (М. Филиповтың хаты, архив материалдары), замандастардың естеліктері, ғылыми публицистикалық еңбектерге кешенді талдау арқылы жазылды. Сонымен қатар, әртүрлі тарихи материалдарды өзара салыстыру нәтижесінде жан-жақты қарастырылды. Болашақ зерттеушілердің міндетті - оның қалдырған мұрасын қайта жаңғыртып, лайықты бағасын беру. Өйткені ұлт-батырларын ұмытпаған кезде ғана болашаққа сенімді қадам басады. Бұл зерттеу тәуелсіздік дәуірінде ұмыт қалған тарихи шындықтарды қалпына келтіріп, жадымызды қайтып жаңғыртуға маңызды жұмыс болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сатыбалды Даумов. Тауқыметті тағдыр (Алма Оразбаева туралы деректі-эссе / публицистикалық поэма). Алматы, 1990–2000 жылдар аралығындағы басылымдар (кейін «Алма» деген атаумен толық шығармалар жинағына енген).
2. М. Филиповтың И. Я. Яковлевке жазған хаты (1909 ж. 6 наурыз), мұрағат құжаты (С. Даумовтың зерттеуінде келтірілген).
3. Мишши Юхма. Қандас халық (эссе), С. Даумовтың «Тауқыметті тағдыр» кітабында келтірілген үзінді.
4. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. «Дело персонального пенсионера Уразбаевой Алмы» (қор 90, тізім 5, іс 1134).
5. Қазақ Әдебиеті газеті материалдары: «АЛАШТЫҢ АРДАҚТАҒАН АЛМАСЫ ЕДІ» (2016), «АЛАШТЫҢ ҚАЙРАТКЕР ҚЫЗЫ» (2023) және басқа мақалалар (С. Даумов зерттеулеріне негізделген).